

Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педагогтарды кәсіби дайындау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарына жанашыл әдіс-тәсілдерді қолданады.

Мектепке дейінгі ұйым әдіскері, педагогтардың білімдері мен тәжірибелерін шындалу мақсатында әр түрлі жұмыс түрлерін өткізеді. Олар: Тәрбиеші Есполова Ж.А «Ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату» тақырыбындағы кеңесі, тәрбиеші Гетман Л.Т. «Балалардың тілін дамытуда театр і әрекеті арқылы ертегілер қойылымдарын бес білім салаларында ұйымдастырудың жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел, тәрбиеші Сүленова Ә.Ә «Балалардың тілін дамытуда артикуляциялық жаттығулардың қажеттілігі» тақырыбында кеңесі, тәрбиеші Қыстановна А. «Шығармашылық дидактикалық ойындардың бала өміріндегі маңызы» тақырыбындағы дөңгелек үстелі, тәрбиеші Утепбергенова Ж. «Балалардың тілдік қарым-қатынас және шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбындағы тәрбиеші Қыстановна А «Мектепке дейінгі балалардың тілдерін дамытуда мнемотехника әдісі қолданудың ерекшеліктері» коучинг жүргізілді.

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар ересек топтар арасында «Шынықсаң шымыр боласың» спорттық сайыс, «Жол ережесін білеміз бе?» ашық ұйымдастырылған оқу қызметі, «Жол ережесін» білейік, аман есен жүрейік» ойын-сауық, «Білім күні», «Алтын күз», «ҚР –ның Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Құтты болсын жаңа жыл!», «Ертегілер патшалығы», «Жемістер мен көкіністер», «Путешествие в страну красивой речи», «Токая разная осень» тақырыптарында ашық оқу қызметтері өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сай өтіп тұрады. «Қош келдің жаңа жыл» ертегі кейіпкерлерінен көрме жасау, «Ертегілер елінде» топ арасында балалармен ертегілерді сахналау, «Берекелі күз» ата-аналармен көрме ұйымдастырылды.

Мектепке дейінгі ұйымның басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы және балаларды тәрбиелеу, күту бойынша «Алақай» театрымен, «Жас натуралистер», планетари, мекемесімен тығыз байланыс жасап жұмыс жасаудамыз. Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған.

Оқу –тәрбие жұмысы

Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған.

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша

Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, артибуттар, массажды төсеніштер түрлі пішінді ойын материалдары бар. Мәдени –гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған, сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша:

Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

«Таным» білім беру саласы бойынша :

Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (мозайка, пазл, геометриялық пішіндер, құрастырулар) және қоршаған орта мен табиғат бұрыштары жабдықталған.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша :